20667576906

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 26 желтоқсан №3514-23-00-2/5997 іс Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.М.Машрап,
сот отырысының хатшысы А.Сабетова бола отырып,
ашық сот отырысында аудио, видео қондырғыларының қолдануымен азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Ақтоғай ауданы әкімдігінің Ақтоғай ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
«ГрадСтройСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілдері Богенбаева А., Шарбеков Ж.Г.
жауапкер өкілі Касымов Б.А.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 20 қаңтарда «Ақтоғай ауданы әкімдігінің Ақтоғай ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) және «ГрадСтройСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Мердігер) арасында №12 Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қарабұлақ ауылдық округі, Нарманбет ауылы клуб үйі ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу жұмыстарын орындау бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасалды.

Шарттың жалпы сомасы – 80 874 727,25 теңге.

Жұмыстарды орындау мерзімі – мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауының рұқсатынан кейін 4 ай.

«Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» ММ-мен құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуді бастау туралы хабарлама 2023 жылғы 12 сәуірде берілген.

Тараптар арасында жұмыстарды жүргізу кестесі бекітілген, жұмыстарды жүргізу 2023 жылғы 01 сәуірден 30 шілдеге дейін қарастырылған.

Жұмыстарды қабылдау бойынша тараптар арасында келесі актілерге қол қойылған: 2023 жылғы мамыр айында 7 119 296 теңгеге, 2023 жылғы маусым айында 11 686 863 теңгеге.

2023 жылғы 12 қыркүйекте тапсырыс берушінің тарапынан А.Бөгенбаева, Ғ.Қожамбаев, М.Нығыманова акт жасап қол қойған. Актта жұмыс кестесінен артта қалушылық, ішкі әрлеу, инженерлік желілер (электрмен жабдықтау, жылыту, су құбыры және кәріз), абаттандыру (аумақты қоршау, төсеу және асфальттау) бойынша жұмыстар жасалмағаны көрсетілген.

Талап қоюшы шарт бойынша міндеттемелерін тиісті орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрайды.

Жауапкер талап қоюға пікір жолдаған жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілдері талап қоюды қолдады, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады, өйткені жұмыстарды аяқтауға қаражат жетпеді, талап қоюшы төлемдер жасамады, жұмыстарды «Али-груп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қосалқы мердігер ретінде жасаған. Жауапкер өкілінің денсаулығы нашарлап, ауруханада болуына байланысты жұмыстар жүрмей қалды. Қазіргі уақытта жұмыстарды жалғастырып, жөндеуді аяқтауға мүмкіндік бар екендігін түсіндірді.

Үшінші тұлғалар өкілдері сотқа келмеді, тиісті түрде хабарланған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес сот істі олардың қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі-Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал осы Кодекстің 272-бабының талабы бойынша, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Документ подписан: Машрап А. М., 04.01.2024
Дата вступления в законную силу: 06.02.2024, судья Машрап А. М., 07.02.2024
3514-23-3-6/243

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі-Заң) 12 бабы 4–тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізімін білдіреді.

Жауапкер мемлекеттік сатып алуға қатысып, тапсырыс берушімен шарт жасасып, белгіленген мерзімде, яғни 2023 жылғы 12 тамызға дейін, жұмыстарды аяқтауға міндеттенген.

Алайда, жауапкер өз міндеттемелерің орындамаған, жұмыстарды толық аяқтамаған.

АПК-нің 72 және 73 баптарына сәйкес, әр тарап өзінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән - жайларды дәлелдеуі тиіс. Дәлелдемелерді істі сот талқылауына дайындау сатысында бірінші сатыдағы сотқа ұсынады.

Егер дәлелдемелерді ұсынған тұлғалар оларды істі сот талқылауына дайындау сатысында ұсынудың мүмкін еместігін негіздесе, дәлелдемелер сот талқылауы сатысында ұсынылуы мүмкін.

Жауапкер тарапынан сотқа талап қоюшының талабын жоққа шығаратын ешқандай дәлелдемелер келтірілмеді.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшымен жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға заңмен белгіленген мерзімі өткізілмеген.

Істің бұндай тұрғысында сот, жауапкердің жұмыстарды орындамауына байланысты жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-ның 117 бабы 1-бөлігінің талабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 1 725 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы талап қоюшы Ақтоғай ауданы әкімдігінің Ақтоғай ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының жауапкер «ГрадСтройСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне

Документ подписан: Машрап А. М., 04.01.2024

Дата вступления в законную силу: 06.02.2024, судья Машрап А. М., 07.02.2024

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы– қанағаттандырылсын.

«ГрадСтройСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктесті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ГрадСтройСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404-баптарын сақтай отырып, Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья **А.Машрап**

Документ подписан: Машрап А. М., 04.01.2024

Дата вступления в законную силу: 06.02.2024, судья Машрап А. М., 07.02.2024

3514-23-3-6/243